

"Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 30 қаңтар N 109

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісімді бекіту туралы

2001 жылғы 15 маусымда Шанхай қаласында жасалған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ
ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАЛАРЫНЫҢ ТҮЙІСУ НҮКТЕСІ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ө з б е к с т а н Р е с п у б л и к а с ы ,

өзара құрмет тұту, егемен теңдік және аумақтық тұтастық қағидаттарын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан орнын
а н ы қ т а у м а қ с а т ы н д а

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Бұдан әрі үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі 4131.1 биіктік белгісінде, Чатангат триангуляциялық пункті бар Талас Алатауы жотасының су айрығында, оның Майдантал жотасымен тұтасатын ауданында орналасқан.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының осы түйісу нүктесі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан 3789.7 белгісі бар биіктіктен солтүстік-шығысқа қарай шамамен 3.99 километр, Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан 4054.0 белгісі бар биіктіктен оңтүстікке қарай шамамен 2.61 километр және Өзбекстан Республикасының аумағында орналасқан 2850.5 белгісі бар биіктіктен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 4.63 километр қашықтықта орналасқан.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің мынадай координаттары бар:

Геодезиялық - $B = 42^{\circ} 15' 48''.6$ солтүстік ендік, $L = 70^{\circ} 56' 42''.0$ шығыстық бойлық ;

Тікбұрыштық - $X = 4\ 682\ 820.0$, $Y = 12\ 660\ 484.5$.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан орны осы Келісімге қоса беріліп отырған және оның орамас бөлігін құрайтын 1:50 000 масштабтағы бірлесіп жасалған картада қызыл шеңбермен көрсетілген.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің осы бапта көрсетілген арақашықтығы мен биіктіктерінің белгілері, сондай-ақ геодезиялық және тікбұрышты координаттары қоса беріліп отырған карта бойынша белгіленген.

Координаттары мен биіктіктерінің белгілері 1942 жылғы координаттар жүйесінде және биіктіктердің Балтық жүйесінде келтірілген.

2-бап

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінен бастап мемлекеттік шекара сызықтары іргелес мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекара туралы тиісті шарттарда қалай белгіленсе, солай өтетін болады.

3-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

Шанхай қаласында 2001 жылғы 15 маусымда әрқайсысы қазақ, қырғыз, өзбек және

орыс тілдерінде үш дана болып жасалды.

Топографиялық карта әрбір мемлекет үшін орыс тілінде үш балама болып әзірленді.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Өзбекстан</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК